

«НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫНЫҢ XVI СЪЕЗІ

Кеше Астанадағы Тәуелсіздік сарайында Мемлекет басшысының төрағалығымен «Нұр Отан» партиясының XVI съезі өтті.

Партияның кезекті съезінің жұмысына 2000-ға жуық адам қатысты. Олардың қатарында өңірлік конференцияларда сайланған 1200-ден астам делегат, Парламент депутаттары, мемлекеттік басқару органдарының, ұлттық холдингер мен компаниялардың басшылары, ғылыми және шығармашылық зиялы қауымның, дипломатиялық корпусының, халықаралық ұйымдар мен бұқаралық акпарат құралдарының өкілдері бар.

Съезд делегаттары «Нұр Отан» партиясынан Нұрсұлтан Назарбаевтың кандидатурасын Қазақстан Республикасының Президенттігіне ұсыну туралы қаулы қабылдады.

Сонымен қатар, партия Саяси кеңесінің және Орталық тексеру-бақылау комиссиясының есепті кезеңдегі жұмыстарының қорытындылары қаралды, сондай-ақ олардың мүшелері сайланды.

Мемлекет басшысы өз сөзінде қалыптасқан жағдайларға байланысты ел алдында тұрған жаңа міндеттерді атап көрсетті.

– Біріншіден, мемлекеттік құрылысқа сыртқы ықпалдардың теріс әсер етуіне жол бермеу керек. Екіншіден, даму қарқынын сақтау қажет. Үшіншіден, әрі қарай өсуге қажетті жағдай жасау керек. Төртіншіден, әлемнің дамыған 30 мемлекетінің қатарына қарай ілгерілеуді жалғастыру қажет, – деді Қазақстан Президенті.

Осыған байланысты Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттігімізге төнген жаһандық сын-қатерлерге өзгеше және қуатты тойтарыс беру керектігін атай отырып, бес институционалдық реформа ұсынды.

Олар – заманауи, кәсіби және автономды мемлекеттік аппарат қалыптастыру; заң үстемдігін қамтамасыз ету; индустриаландыру және ортапаратандыруды негіз еткен экономикалық өсім; біртұтас болашақтың ұлты; сондай-ақ транспарентті және есеп беретін мемлекет.

Қазақстан Президенті аталған реформалардың жиынтығы мемлекетті нығайту және оны әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосу үшін жағдай туғызатынына назар аударды.

– Бұл – «Қазақстан-2050» стратегиясын жүзеге асырудың жолы. Бес институционалдық реформаның әрқайсысы – зор міндет және ел үшін орасан жұмыс. Мұндай реформаның табыстылығы билік пен халықтың табанды ерік-жігері арқылы ғана қамтамасыз етілуі мүмкін. Ұсынылған шаралар қоғамдық қатынастар жүйесін түбегейлі өзгертеді. Оларды жүргізу үшін мен Президент жанынан Жаңғырту жөніндегі Ұлттық комиссия құруды ұсынамын. Ол бүкіл реформалар кешенінің жүзеге асуын үйлестіретін болады. Осылайша, біздің алдағы жылдарға арналған негізгі міндетіміз – осы бес институционалдық реформаны іске қосу және біртіндеп жүзеге асыру, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы сондай-ақ бірнеше күннің ішінде ел азаматтарынан, еңбек ұжымдарынан, білім мекемелерінен, қоғамдық бірлестіктерден кезектен тыс Президент сайлауына қолдау білдірген және одан өзінің кандидатурасының ұсынылуын өтінген көптеген хаттар мен хабарламалар алғанын айтты.

– Қазақстанның және қазақстандықтардың игілігі жолындағы менің еңбегіме берілген жоғары баға үшін барлығына көп рахмет айтам. Өз халқыңның мұндай сеніміне ие болудан артық марапат жоқ. Бүгін съезд мінберінен менің атыма жылы лебіздер айтқан баршаға шын жүрегімнен ризамын. Мен алдағы сайлауға «Нұр Отан» партиясынан президенттікке кандидат ретінде түсуге келісім беретінімді мәлімдеймін. Мен Сіздерді, серіктестерімді – нұротандықтарды, барша қазақстандықтарды тағы да жұмылып, жеңіске жетуге шақырамын. Біздің ортақ рухани күш-қуатымыз бен биік мұратымыз – Мәңгілік Ел. Ол біздің XXI ғасырдағы дамуымызға прогресс қуатын дарытатын болады, – деді Қазақстан Президенті.

Съезде мемлекет және қоғам қайраткері Қ.Сағадиев, Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, партияның Саяси кеңесінің мүшесі А.Башмаков, Қазақстан Жазушылар одағының Батыс Қазақстандағы бөлімшесінің төрайымы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері А.Бактыгереева, «Нұр Отан» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы, Қызылорда облысының әкімі Қ.Кошербаев, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқармасы төрағасының орынбасары Р.Ошақбаев, «Тайынша Астық» ЖШС бас директоры А.Рафальский, Алматы облысы Ілеауданының М.Мақатаев атындағы орта мектебінің директоры Қ.Нәдірбекова, «Ұлттық ғылыми кардиохирургиялық орталығы» АҚ басқармасының төрағасы, Қазақстанның Еңбек Ері Ю.П. «Сәтбаев Оперейтинг» ЖШС-ның бас геологы А.Дәулетов, Павлодар облысының ҚХА жастар бірлестіктерінің үйлестіру кеңесінің төрағасы Э.Паули, айтыскер акын Б.Шойбеков сөз сөйледі.

Сөйлеушілер Қазақстанның Тәуелсіздік алуындағы, қалыптасуындағы және нығаюындағы Нұрсұлтан Назарбаевтың тарихи ролін атап өтті. Олар сондай-ақ еліміздің басты құндылықтарын – егемендікті, тұрақтылықты, бақ-берекені, дамуы және болашаққа ұмтылуы да Мемлекет басшысымен байланыстырды.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ «НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫ XVI СЪЕЗІНІҢ Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІГІНЕ КАНДИДАТ ЕТПІҰСЫНУ ТУРАЛЫ ШЕШІМІН ҚОЛДАУ ТУРАЛЫ ҮНДЕУІ

Құрметті отандастар!

Бүгін барша Қазақстан халқы біздің Отанымыздың өміріндегі тағдырлы және тарихи оқиғаның қатысушысы әрі күзегі болды.

«Нұр Отан» партиясының XVI съезі бір ауыздан Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты кезекті мерзімге Қазақстан Республикасы Президентігіне кандидат етіп ұсынды.

«Нұр Отан» партиясы съезінің шешімі Қазақстан халқы Ассамблеясының кезектен тыс Президент сайлауын 2015 жылы өткізу туралы бүкілхалықтық қолдауға ие болған бастамасының терең негізділігінің және заңдылығының айғағы болып табылады.

28 ақпанда Қазақстан халқы Ассамблеясы Елбасы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтан өзінің кандидатурасын кезектен тыс Президент сайлауына ұсынуын сұраған болатын.

Бұл қадамға біздің еліміз бен оның халқының болашағы алдындағы жоғарғы жауапкершілік, қоғамның тұрақтылығы мен бірлігін, ертеңгі күнге деген ниет сенімді, жұмыс орындарын және әлеуметтік кепілдіктердің, жалақы мен шөкіртақының сақталуын қамтамасыз етуге деген ниет түрткі болған еді.

Біздің осы бастамамызды қолдап мыңдаған азаматтар, ірі өндіріс ұжымдары, ауыл шаруашылығы саласының қызметкерлері, үкіметтік емес ұйымдар және этномәдени бірлестіктер үн қосты.

Осы арқылы Қазақстан халқы жүргізіліп отырған саликалы ішкі және сыртқы саясатқа толық қолдауын білдірді, жоғары азаматтық жауапкершілік пен патриотизм үлгісін танытты.

Қазақстан халқы Ассамблеясы қазіргі Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кандидатурасының Қазақстан Президентігіне ұсынылуына ерекше ықыласпен қолдау білдіреді.

Бұл қадам мемлекет пен қоғамның нақты іс-қимыл жоспары – «Нұрлы жол» – болашаққа барша жол» жаңа экономикалық саясатының жүзеге асуының, жауапты, тұрақты және салмақты ішкі және сыртқы саясатымыздың әрі қарай іркілсіз іске асуының бірегей шарты болып табылады.

Нұрсұлтан Әбішұлының Президент сайлауына қатысуы – бұл патриоттық акт, елдің тұтастығын сақтауда, мемлекетті әрі қарай дамытумен азаматтардың әл-ауқатын арттырудың басты міндеттерін шешу үшін экономиканы тұрақтандырудың, азаматтық жарасым мен әлеуметтік тұрақтылықты нығайтудың қуатты бастауы болып табылатын азаматтық парыз бен жауапкершіліктің айқын көрінісі.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ел алдындағы абыройы, оның саяси даналығы мен терең тәжірибесі, оның тұлғасына деген ел сенімі сайлау науқанының лайықты деңгейде өтіп, Қазақстан азаматтарының еркін таңдау жасауына кепіл болатынына сенімдіміз.

Біз қазіргі Президентіміздің кандидатурасының ұсынылуы халықаралық қауымдастық үшін Қазақстанның сыртқы – бейбітшілік пен келісім саясатының, сенім мен тиянақтылыққа негізделген саясатының өзгеріссіз қалатындығына салмақты дәлел болады деп санаймыз.

Қазақстан халқы Ассамблеясы келешек алдындағы жауапкершілігін сезіне отырып, халық пен елдің биік мүддесін ескере отырып, азаматтық және патриоттық парызын орындау мақсатында еліміздің барлық азаматтарын кезектен тыс Президент сайлауына белсенді түрде қатысуға және дауыс беру арқылы еркін білдіруге шақырады.

Біз барша Қазақстан азаматтарын болашақ ұрпақ үшін, еліміздің гүлденіп дамуы үшін өзінің конституциялық құқығын пайдалануға, ерікті таңдау жасауға, сайлауда дауыс беруге, біздің еліміз бен қоғамымыздың тұрақтылығы мен бірлігін нығайтуға үлес қосуға шақырамыз.

Астана қаласы, 2015 жылғы 11 наурыз.

Сыр бойы



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

12

НАУРЫЗ
БЕЙСЕНБІ

2015 жыл
№35 (18923)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ

www.syrboyi.kz

БАРШАҒА БІРДЕЙ ОСЫ ЗАМАНҒЫ МЕМЛЕКЕТ: БЕС ИНСТИТУТТЫҚ РЕФОРМА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ, «НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ ПАРТИЯНЫҢ XVI СЪЕЗІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ



Қымбатты қазақстандықтар!
Құрметті делегаттар мен съезд
қонақтары!

Баршаныңды съезд жұмысының басталуымен құттықтаймын. Сіздер байтақ Қазақстанның барлық аймақтарын қамтитын 850 мың партия мүшесінің атынан келіп отырсыздар. Мен барша партиялаш серіктеріме еліміздің гүлденуі мен өсіп-өркендеуі үшін төгілген өлеңсіз тер мен ортақ патриоттық еңбектеріңіз үшін зор ризашылығымыз білдіремін.

Алдымызда еліміз үшін тағы бір тағдырлы, тарихи белек тұр. Қазақстан халқы Ассамблеясының кезектен тыс Президент сайлауын өткізу туралы бастамасы халықтың тарапынан қызу қолдау тапты. Санаулы күнде маған бұл мәселеге қатысты мыңдаған хат келіп түсті. Құзырлы органдар бұл бастаманы еліміздің заңдарына сәйкес деп тапты. 26 сәуірде кезектен тыс Президент сайлауын өткізу туралы менің Жарлығым халқымыздың бастамасына жауап болды. Бұл – Отанымызды, бейбітшілік пен келісімді нығайтудағы біздің бағытымызды жалғастыруға жалпыхалықтық ұмтылыс пен бірліктің дәлелі.

Құрметті қазақстандықтар!

Тәуелсіздік жылдары ішінде біз Ұлы жолды жүріп өттік. Біздің еліміз әлемнің неғұрлым бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына енді. ІЖӨ 20 есе өсіп, 2014 жылы жан басына шаққанда 13 мың долларды құрады. Бүгінде біз «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаты – әлемнің неғұрлым дамыған 30 елінің қатарына енуге қол жеткізу жолында жұмыс жүргізуіміз.

Өткен 4 жылда 2011 жылдың сайлау науқаны барысында мен айтқан барлық міндеттерге қол жеткіздік.

Біріншіден, ІЖӨ көлемі орта есеппен жыл сайын 5,7 пайызға өсіп отырды. Үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың бірінші бесжылдық жоспары аяқталды.

Екіншіден, аграрлық сектор даму үшін қуатты серпін алды.

Үшіншіден, инфрақұрылымдық салаларда үлкен өзгерістер болды.

Төртіншіден, шағын және орта бизнес дамып келеді.

Бесіншіден, Қазақстан әлеуметтік жаңғыру жолына бет бұрды. 2010 жылдан бері халықтың табыстары 43 пайызға, ал айлық еңбекақы 130 мың теңгеге жакындап, 64 пайызға өсті. Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мөлшері 1,4 есеге, ең төменгі зейнетақы 1,8 есеге өсті.

Алтыншыдан, 4 жыл ішінде ауқымды

әкімшілік реформа жүргізілді. Мемлекеттік аппарат реформаланып, Үкіметтің функцияларының 60 пайызы министрліктер мен әкімдіктер деңгейіне берілді. Министрліктер саны 17-ден 12-ге дейін азайтылды. 9 агенттік қысқартылып, комитеттер ретінде министрліктер құрамына берілді. Аудандық маңыздағы қалалар әкімдерінің, сондай-ақ селолық әкімдердің сайланбалылығы енгізілді. Құқық қорғау органдары мен сот жүйесінде терең реформалар жүрде. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қатан күрес жүргізілуде. Конфессияаралық келісім мен тыныштықтың арқаулық негізі ретінде мемлекеттің зайырлылық сипаты нығайтылды.

Жетіншіден, елдің халықаралық беделі нығайып келеді.

Бүгіндей алғанда, біз жоспарланғандардың бәрін қол жеткіздік! Алға қарай қарышты қадам жасалды! Бұл баршамыздың ортақ жеңіс маршымыз!

Қазіргі уақытта әлемдегі ахуал күрделілене түсуде. Әлемдік рыноктарда энергия көздері мен металл бағаларының құлдырауы экономикалық түзеулерді күрт ұлғайтып жіберді. Барлық дерлік мемлекеттер елеулі геосаяси және экономикалық сын-қатерлерді бастан өткеруде.

«Нұрлы Жол» жаңа экономикалық саясаты Қазақстанның экономикалық түзеулерде көрп тосқауылы болды. Ол, біріншіден, инфрақұрылымдық дамудың мемлекеттік бағдарламасы аясында экономикалық ауытқушылыққа қарсы іс-қимыл шараларын, екіншіден, индустрияландыру бағытының екінші бес жылдығын одан әрі жалғастырудан тұрады. Сондай-ақ әлеуметтік саясат та айқын белгіленді. Қатан бюджеттік саясат пен үнем мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелеріне өзгеріс енгізбейді.

Сонымен бірге, жаһандық сын-қатерлер мен түзеулердің тереңдігі сондай, ол әр мемлекеттің тұрақтылығы мен табыстылығын сынаққа алады. Сондықтан да біздің алдымызда жаңа міндеттер тұр.

Біріншіден, сыртқы факторлардың мемлекет құрылысына ықпалының теріс сценарийіне жол бермеу. Екіншіден, дамудың қол жеткізілген қарқынын сақтау. Үшіншіден, одан әрі даму үшін жағдайлар жасау. Төртіншіден, әлемнің 30 дамыған мемлекетіне қарай алға жылжуды жалғастыру.

Біздің мемлекеттілігіміздің ауқымды сын-қатерлеріне қалыптан тыс және күшті жауап беру қажет. Бір орманда тұруға болмайды. Өз табыстарымызды арқау етіп өзіміздің мемлекеттілігімізді дамыту үшін біздің алға

қарай қозғалуымыз керек. Сондықтан да мен бес институттық реформаны алға тартамын.

Бірінші – Экономикалық бағдарламаларды сапалы жүзеге асыруды және мемлекеттік қызметтерді ұсынуды қамтамасыз ететін қазіргі заманғы, кәсіби және автономиялы мемлекеттік аппаратты қалыптастыру.

Бүгінде әкімшілік мемлекеттік қызметтің саяси деңгейге тәуелді екенін көрмеу мүмкін емес. Бұл, тіпті, ешқандай саясатсыз кәсіби басқару қажет болған кездің өзінде де шешімдер қабылдауды саясаттандырады. Мемлекеттік аппаратта белгілі бір қамқоршының айналасында команда қалыптасады. Мұндай патронат жемқорлық үшін жағдайлар туғызды, тамыр-таныстықты туындатады, қадрлық әлеуетті төмендетеді. Сонымен бірге еңбекке ақы төлеудің төмендігінен мемлекеттік қызмет тартымсыз күйінде қалуда. Көбіне-көп мемлекеттік қызметшілерде айқын мансаптық келешек жоқ, ал қызметте жоғарылау сол бағыт қамқоршыларға байланысты. Мен маңызды мемлекеттік бағдарламалар мен жобалардың түрлі деңгейлердегі жекелеген шенеуніктердің біліктілігінен «зардап шегіп» жатқанын білемін.

Сондықтан мемлекеттік қызметшілер корпусын кәсіби және автономиялы етіп жасау маңызды міндет болып табылады. Сайлаулар, министрлердің, әкімдер мен өзге де басшылардың ауысуы әкімшілік мемлекеттік қызметке әсер етпейті тіс. Ағымдағы позициялықтың мемлекеттік қызметтің мансаптық моделіне көшу қажет. Әрбір басшы төменнен бастап барлық басқару сатыларынан өтуі тиіс.

Мемлекеттік қызметшілерге, олардың басқару үдерісіне қосқан үлесінің нәтижелілігі бойынша еңбекке ақы төлеудің жаңа жүйесін енгізу қажет. Олардың қызметтері мен экономикада қол жеткізілген табыстарының әр жылдағы нәтижелері бойынша саяси қызметшілер үшін боныстар және әкімшілік қызметшілер үшін сыйақылар төлеуді қарастыру қажет. Жақсы жұмыс істесе – бонус алады. Жаман жұмыс істесе, экономикада өсу және нәтижелері жоқ болса – тиісінше, еңбекақысы да төмендейді.

Бүгінде мемлекеттік қызметшілерге талантты кандидаттарды, соның ішінде жеке сектордан да, іздеудің жаңа арналарын ашатын уақыт келді. Белгілі бір лауазымдарға шетелдік менеджерлерді тарту орынды болмақ. Тілі білмеу де, азаматтық та бұл орайда кедергі болуға тиіс емес. Көптеген табысты елдер осылай жасайды.

Мемлекеттік қызметке қабылдау үшін біліктілік талаптары қатаңдатылуы

тиіс. Барлық деңгейлердегі мемлекеттік қызметшілерді толық аттестаттаудан өткізу қажет. Меритократия қағидаттарын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу бойынша жүйелі жұмысты жолға қою маңызды. Ол үшін Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің құрылымында сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі жеке дербес бөлімшені құру қажет. Меритократия тек мемлекеттік аппарат үшін ғана емес, сонымен бірге, соттарды, құқық қорғау органдарын, ұлттық компаниялар мен холдингерлерді қоса алғанда, бүкіл мемлекеттік сектор үшін де жалпыға бірдей қағидатқа айналуы тиіс.

Бізге Мемлекеттік қызмет туралы жаңа заңды әзірлеу, Сыбайлас жемқорлыққа күрес туралы заңға өзгерістер енгізу қажет болады. Мемлекетке қызмет ету біздің қоғамымыздың бірінші нығайту үшін негіз болуы тиіс. Мемлекеттік қызмет этностық қатыстылығына қарамастан меритократия қағидаттары негізінде өзін-өзі көрсетуге бірдей мүмкіндіктер беретін әділетті қазақстандық қоғамның түпбейнесіне айналуы керек.

Екінші – Мәңгілік Қазақстанға кепілдік беретін, кәсіпкерлік қызмет үшін, келісімшарттық міндеттемелерді қорғау үшін жағдай жасайтын, түптеп келгенде экономикалық өсім үшін негіз болатын заңның үстемдігін қамтамасыз ету.

Бүгінде сот жүйесінің әлсіз буыны – судьялар корпусы арасындағы сыбайлас жемқорлық көріністеріне жиі-жиі соқтырып жататын судьяларды іріктеу, судьяларға қойылатын біліктілік талаптарының тиімсіздігі. Судьялар корпорациямен меңіреу тұрмыс-салтымыз тиіс және қоғамдық сыннан тыс болмауы керек. Ашықтық – судьялар қатарындағы жемқорлықтан емдейтін дәрі.

Ішкі істер органдарының жұмысы да қоғам үшін мөлдір емес. Полиция жұмысын өзіне деген сенімін арттыратындай етіп жұмыс істеуі керек. Бүгінде азаматтар жол инспекциясы офицерінің жол қозғалысы ережесін бұзғаны үшін әкімге немесе министрге айыппұл салатынына онша сене қоймайды. Бұл ретте АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысына қатысты таяуда болған мысалды келтіруге болады. Джон Керриге өз үйінің алдындағы қарды тазартпағаны үшін айыппұл салынды.

Сондықтан полицияның мәртебесі мен оның азаматтар алдындағы жауапкершілігін арттыру қажет. Құқық қорғау органдарының мөлдірлігін, ақпараттық технологияларды дамыту, патриулдық қызметті бейнестірушілермен жабықтау бойынша шаралар дестесін қалыптастыру керек. Полицияға кәсіби және психологиялық іріктеуді жаңа жүйесін енгізіп, полициялардың өздерінің біліктіліктерін тұрақты түрде арттырып және растап отыруын қамтамасыз ету маңызды.

Судьяларға қойылатын біліктілік талаптарын қатайту қажет. Судьялар корпусындағы орыннан үміткер кандидаттың нотариуст, полицияда немесе заңгерлік ЖОО-да емес, сот жүйесінде бес жылдан кем емес жұмыс өтілі болуы тиіс. Кандидаттар негізгі жұмысынан босатылған негізде және бір жылдан кем емес мерзімде соттарда өтетін сот тағылымдары үшін шарт ретінде қатан тестілік іріктеуден өтуі тиіс. Кез келген жоғары тұрған судья төменгі соттарда жұмыс істеп көруі керек. Сол сияқты қызметін жаңа бастаған судьялар үшін ұзақтығы бір жылдан кем емес сынақ мерзімін енгізу де маңызды, оны табысты өткеннен кейін олардың үздіктері судьялыққа сайланылады.

Шетелдік және отандық инвесторлар қазақстандық әділ соттан адалдығына сенімді болуы тиіс. Оған деген сенімді арттыру үшін инвестициялық дауларды қарауға шетелдік судьяларды тартып, мұндай дауларды шетелдік және халықаралық соттардың үздік стандарттары бойынша қарау қажет.

Айрықша мәселе – елдің Қарулы Күштерін жаңғырту. Олар заманауи, жұмылғыш, кәсіби болуы тиіс. Кәсібилік және озық қару-жарақпен, сондай-ақ техникамен жарақтандыру есебінен армияның жауынгерлік қабілетін арттыруды

қамтамасыз ету керек.

● ПРЕЗИДЕНТ

ЕЛБАСЫ ОБЛЫСТАРДЫҢ ЖӘНЕ АСТАНА МЕН АЛМАТЫ ҚАЛАЛАРЫ ӘКІМДЕРІНІҢ ҚАТЫСУЫМЕН КЕҢЕС ӨТКІЗДІ

Кеңесте өңірлік дамуың қазіргі мәселелері, соның ішінде қоғамдық-саяси тұрақтылықты, биылғы жылыту маусымын үзіліссіз аяқтауды, көктемгі егіс жұмыстарына дайындықты қамтамасыз ету, сондай-ақ бюджет қаражаттарын басқару, жергілікті жерлердегі баға мен тарифті мониторингтеу жайы қаралды.

Кеңес қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы өңірлерді әрі қарай дамыту жөнінде нақты тапсырмалар берді.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНА БАРДЫ

Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасының Президентіне кандидат ретінде мемлекеттік тілден сынақ тапсырды.

Бұл үрдіс ел Конституциясында бекітілген тәртіпке сәйкес өтті.

Қазақстан Президенті барлық тапсырманы сәтті орындады. Атап айтқанда, Мемлекет басшысы «Біздің күшіміз – бірлікте» деген тақырыпта жазба жұмысын жазып, Лияна Есенберлиннің шығармасынан үзінді оқыды, ал ауызша әңгімеде «Балалар сөзі – даналық көзі» тақырыбында сөйледі.

Лингвистикалық комиссия қорытындысы бойынша Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттік тілді еркін меңгерген деп танылды.

БАРШАҒА БІРДЕЙ ОСЫ ЗАМАНҒЫ МЕМЛЕКЕТ: БЕС ИНСТИТУТТЫҚ РЕФОРМА

Үшінші – Индустрияландыру және әртараптандыруға негізделген экономикалық өсім.

Кәсіби мемлекеттік қызмет және заңның үстемдігі орта тапты жедел қалыптастыру үшін экономикалық реформалардың кешенін жүзеге асыруға жағдай жасайды. Сапалы өсім мен экономиканы әртараптандыруға қол жеткізу үшін біз Индустрияландыру бағдарламасын жүзеге асырудамыз. Ол уақытылы және мейлінше қажет шара болып табылады. Индустрияландыру – экономиканың құралы ғана емес, сонымен бірге мемлекет дамуының және орта тапты қалыптастырудың маңызды факторы. Дегенмен, индустрияландыру мен өңдеу секторы әзірге экономикалық өсімнің нағыз қозғаушысы бола алған жоқ. Үкімет онымен айналысуы тиіс.

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау жүйесінде де қиғаштықтар бар. Аграрлық секторға бюджеттен қосымша құны төмен сала өнімдері өндірісін субсидиялауға қомақты қаржы бөлінеді. Оның үстіне, ауыл өндірушілері салық төлемейді десе де болады. Бүгінде ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу секторын жаңа кешенді бағдарламалар негізінде дамыту маңызды. Бұл орайда қайта өңдеу салаларында трансұлттық компаниялардың қатысуымен шамамен 10 ірі жобаны жүзеге асыруға кірісу қажет. Индустрияландыру, сонымен қатар, шағын және орта бизнес арқылы жұмыс орындарын құру мен елдің экспорттық әлеуетін дамытуға бағытталып отыр.

Қазір келендік ресімдеулер көп уақыт алады, тариф саясаты күрделі және ымысшытырық болып табылады, тарифтік емес кедергілер әлемдік тәжірибеге кереғар келеді. Еуразиялық одақ аясында тариф саясатын онтайландыру бойынша ауқымды жұмыс жүргізу қажет. Болашақтағы басты міндет экономикалық даму серпінін қамтамасыз ету болып отыр. Жұмыстың қорытындылары экономиканы әртараптандыру есебінен жаңа 3-4 экспорттық өнімдердің туындауы болуы тиіс.

Шағын және орта сервистік кәсіпорындар саласындағы даму шешуші бағыт болып табылады. Туризмді дамытудың жаңа бағдарламасын қабылдаған жөн. Бұл – артық еңбек ресурстарын ауылды жерлерге тартудың маңызды мәселесі. Бізде урбанизация әлсіз. Халықтың 43 пайызы ауылды жерлерде тұрады.

Қазақстанның интеграциялық саясаты барысында ел экономикасының әлемдік шаруашылық байланыстарға тартылуын кеңейту үшін құралдар қалыптастырылды. Алматыда қаржы орталығын құру үдерісі жоғары серпілділік алуы тиіс. Бұл жерде Алматының арнайы мәртебесін заңнамалық бекіту маңызды.

Төртінші – Болашағы біртұтас ұлт.

Біз өзіміздің тұрақтылық және келісім моделін дамытуда

айтарлықтай табыстарға жеттік. Қазақстан Конституциясы нәсілдік, этностық, діни және әлеуметтік қатыстылығына қарамастан, барлық азаматтың құқықтық теңдігіне кепілдік береді.

Сонымен қатар, қазақстандық біртектілікті одан әрі нығайту қажет. Ол азаматтық қағидатына негізделуі тиіс. Барлық азаматтар құқықтың бір көлемін пайдалануы, жауапкершіліктің бір жүгін арқалауы және тең мүмкіндікке қолжетімділікті иеленуі керек. Мәңгілік Ел идеясы арқауындағы жұмылдырушы құндылықтар – азаматтық теңдік; еңбексүйгіштік; адалдық; оқымыстылық пен білімді қастер тұту; зайырлы ел – тағаттылық елі. Осындай жағдайда азаматтық орнықты және табысты мемлекеттің ең сенімді іргетасы болады.

Мемлекет құраушы ұлт ретінде қазақ халқына айрықша жауапкершілік жүктеледі. Қазақтар Жаңа Қазақстанның болмысын қалыптастыруда барша ұлыстарды ұйыстырушы рөлге ие. Бұл – қазақтың ұлттық сипатын сақтап, дамытудың және еліміздің қазақи болмысын нығайтудың басты факторы.

Тілдердің үштұғырылығын – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін дамыту – қоғамды топтастырудың, оның бәсекеге қабілеттілігі өсімінің кепілі. Қазақстанның барлық азаматтары үшін кандай да бір өзгешеліктер мен шектеулерсіз тиімді әлеуметтік лифтерді қамтамасыз ету қажет. Біздің басты мақсатымыз – қазақстандықтар жаңа жалпыұлттық құндылықтарды – құқықтың үстемдігін, мемлекеттік дәстүрлерді, қазақстандық құндылықтарды – өздерінің этностық мінез-құлық модельдерінен жоғары қоюлары керек. Барлық қазақстандықтар үшін қазақстандықтың бойында азиялықтың да, еуропалықтың да озық сапаларын шынайы сүзгіден өткізетін еуразиялық идеясы біріктіруші болып табылады.

Орта тап қазақстандық ұлттың негізі, кәсіби мемлекеттік аппарат қалыптастырудың қайнар көзі ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл – заң үстемдігіне барынша мүдделі және мемлекеттің халық пен елдегі тұрақтылыққа есептілігінің қозғаушы күші. Сондықтан нақ кең көлемді орта тап ұлттық біртектілікті қалыптастырудың өзегі болып табылады. Мемлекеттің аса маңызды құжатында ресімделген Мәңгілік Ел идеясы жалпыазаматтық құндылықтар жүйесі ретінде көрінуі тиіс. Мектептерде бүкілқазақстандық «Мәңгілік Ел» идеясының құндылықтарын оқыту бағдарламасына енгізу қажет.

Біздің елімізде 17 конфессияның өкілдері бейбітшілік пен келісімде тату-тәрті түрпып жатыр. Олардың ішіндегі аса ірілері – ислам, православие және протестанттық. Қазақстан аумағында тарихи қалыптасқан Ханафит исламы ұстамдылығымен және төзімділігімен, ислам құндылықтарын парасатты түсіндіруімен ерекшеленеді.



Қазақстандағы тегі славян тұрғындарының көп бөлігіне тән православие басты мәселе ретінде адамның ар-ұяты мен адамгершілік тандауын, ізгілік пен аяушылықты қояды. Соңғы жылдары Қазақстанда протестанттық шіркеуге барушылар қатары өскені байқалады. Протестанттық табысты және өнімді еңбекті, ұқыптылық құндылықтары мен қайырымды істерді адам өмірінің өзегі ретінде қарастырады. Осылайша, әр дінінің өз қасиеті бар. Олар қашанда қазақстандықтарды біріктіріп, бейбітшілік пен келісім, қоғам мен экономиканы дамыту, мемлекетті нығайту ісіне қызмет етуі тиіс.

Бесінші – Транспарентті және есеп беруші мемлекет.

Қазақстан қоғамы өзгерістерге кезек-кеземен бейімделіп келеді. Бұл – бізге ішкі қарама-қайшылықтардың ушығуға ұрынбай, саяси тұрақтылықты нығайтуға мүмкіндік беретін маңызды фактор. Көптеген елдердің тәжірибесі «әуелі – күшті мемлекет және экономика, содан кейін саясат» қағидатын бұзу апаттарға алып келеді, қоғамды «сандыратын» көрсетіп отыр. Біреулерінде саяси режімдерді бұзу орын алып, басқаларында экономика қирап, жанжалдар және тіпті азамат соғыстары пайда болады. Біз мұны түрлі елдердің тарихтарынан жақсы білеміз және бүгін көптеген мемлекеттерден көзбе-көз көріп отырмыз. Әлемнің түрлі өңірлеріндегі соңғы азамат соғыстары мен қанды жанжалдар тізбегі ойластырылмаған және жеделдетілген демократияландыру мемлекеттің тұрақтылығына кепілдік бермейтіндігі және табысты экономикалық жаңғыртуды қамтамасыз етпейтінін көрсетіп берді.

Саяси мәдениетсіз сайлаудың сал-

дарын көптеген елдердің қазіргі ахуалынан бағамдауға болады. Соңғы жылдары кейбір елдердің азаматтары еңбек етуді ұмытты. Наразылық шерулері сөнге айналды. Адамдары митингке шығуға күнделікті жұмысқа барғандай асығатын болды. Сол үшін оларға арандатушылар жалақы төлейтін болды. Сайлау жұртты біріктіретін емес, бауырларды бөлетін, ағайынды араздастырып, өзара қару кезеңдіретін болды. Көшедегі қарабайыр саясатшылық пен тек сайлаудан сайлауға дейін өмір сүру ақылды елдің жолы емес. Елге қызмет ету үшін емес, мансап үшін билікке ұмтылу да абырой әпермейді.

Осы орайда ұлы Абайдың қара сөздерін еске түсіреміз. Ол үшінші қара сөзінде былай дейді: «Үш жылға болыс сайланыды. Әуелгі жылы «Сені біз сайламадық па» деп елдің бұлданғанымен күн өтеді. Екінші жылы кандидатпен алдысып күн өтеді. Үшінші жылы сайлауға жақындап қалып, тағы болыс болып қалуға болар ма екен деп күн өтеді. Енді несі қалды?».

Сайлау – әншейін сайлау өткізу үшін емес, елді бірлікке шақырып, жұртты еңбекке ұйыту үшін болса, ғанибет. Сондықтан жоғарыда айтылып кеткен төрт мақсатты орындап, содан кейін саяси мәселелерге көшкен жөн. Бұл жолды дүниежүзілік тәжірибе көрсетіп отыр.

Бес институттық реформалар – ел дәл осындай ізділікпен өтуі тиіс бес қадам. Тек осындай жағдайда ғана біздің реформаларымыз тиімді болады, ал қоғам мен мемлекет біртұтас және тұрақты болады. Нақ осындай жолдан барлық табысты мемлекеттер өткен.

Біріншілен, мемлекеттік органдар басшыларының есептілігі тәжірибесін кеңейткен жөн. Екіншілен, шешім

қабылдау үдерісінің мөлдірлігін қамтамасыз ету керек. «Ашық үкімет» тетігі арқылы азаматтар барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың шешім қабылдау үдерістеріне белсенді тартылуы тиіс. Бұл үшін жасау және қабылдау алда тұрған көпшілік ақпараттарға қолжетімділік туралы жаңа заң осыған негіз болады. Мемлекеттік органдар мен әкімдіктер жанындағы қоғамдық кеңестердің рөлін күшейту маңызды. Үшіншілен, азаматтық бюджеттендіруді енгізген жөн. Өңіміз азаматтық қоғам өкілдерінің өңірлердегі бюджет қаржысын бөлуге қатысуы туралы болып отыр. Төртіншілен, шағым жасау жүйесін нығайту маңызды. Заңнамда азаматтардың мемлекеттік қызметшілердің іс-қимылына шағым жасауына мүмкіндіктер кеңейтілген болуы керек. Бесіншілен, қоғамда өзін-өзі реттеуді кеңінен енгізуді қамтамасыз ету қажет. Мемлекеттік органдар жауапкершілігі аймағын әлеуметтік маңызды мемлекеттік қызмет көрсетулер, олардың дайындығына орай азаматтық қоғам институттарына байланысты өкілеттіктерді бере отырып, кезек-кеземен қысқарту керек.

Осы бес бағыт бойынша оң нәтижелерге қол жеткізілуімен жергілікті атқарушы органдардың жаңа сайлау жүйесі туралы мәселені шешуге болады. Билік өкілеттіктерін біздің дәстүрлерімізді есепке ала отырып Президенттен Парламентке және Үкіметке қайта бөлуді көздейтін конституциялық реформа кезек-кеземеніміз жүргізілетін болуы тиіс.

Осы бес реформа жинала келіп, Қазақстан мемлекеттілігін нығайту мен әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына ену үшін жағдайлар жасайды. Бұл – «2050-Стратегиясын» орындауға бас-

тар жол. Бес институттық реформаның әрқайсысы – ел үшін орасан зор сын-қатер және үлкен жұмыс. Мұндай реформалар тек билік пен халықтың мықты ерік-жігерімен ғана қамтамасыз етіле алады. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғанындай, күшті мемлекет, дамыған және либералды қоғам қалыптасуы үшін елдің алға қарай 40-50 жыл бойы тұрақты қозғалысы қажет.

Ұсынылып отырған шаралар қоғамдық қатынастар жүйесін түбегейлі өзгертеді. Оларды жүргізу үшін мен Президент жанынан Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссия құруды ұсынамын. Ол бүкіл реформалар кешенін жүзеге асыруды үйлестіретін болады. Осылайша, біздің алдағы жылдардағы ең өзекті мақсатымыз – осы бес институттық реформаны іске қосып, кезек-кеземеніміз жүзеге асыру.

Қымбатты қазақстандықтар!

Бірнеше күн ішінде мен еліміздің азаматтарынан, еңбек ұжымдарынан, білім беру мекемелерінен, қоғамдық бірлестіктерден кезектен тыс президенттік сайлау өткізуді қолдау және менің кандидатурамды осы сайлауға ұсыну туралы өтініш білдірген орасан көп хаттар мен үндеулер алдым. Менің Қазақстан мен қазақстандықтардың игілігі жолындағы еңбегіме жоғары баға берген баршаңызға зор рахмет! Өз халқының осындай сеніміне ие болудан артық марапат жоқ. Бүгін сөзді мінберімен менің атыма жылы сөздер айтқан баршаға ыын көңілден ризамын.

Мен алдағы сайлауға «Нұр Отан» партиясынан президенттікке кандидат ретінде түсуге өзімнің келісімді беретінім туралы мәлімдеймін. Мен сіздерді, менің серіктестерім – нұротандықтарды, барлық қазақстандықтарды тағы да топтасып, жеңіске жетуге шақырамын! Біздің ортақ рухани күшіміз бен жоғары мақсатымыз: Мәңгілік Ел! Ол біздің XXI ғасырдағы дамуымызды прогресс қуатымен толтыратын болады.

Қымбатты отандастар!

Тәуелсіздікті алу үшін кандай қажыр-қайрат керек болса, оны баянда ету үшін одан да зор қажыр-қайрат керек. Кейінгі ұрпаққа кемел Қазақстанды табыстау – бәрімізге ортақ парыз. Біз әлемдегі ең мықты 50 елдің сапына еркін қосылып, енді ең қуатты 30 елмен иық тірестіру жолына түстік.

Біздің ашық аспан астында ештеңеге теңгермейтін бір ғана Отанымыз бар, ол – Тәуелсіз Қазақстан! Бізге XXI ғасырда бағдар болатын бір ғана стратегия бар, ол – «Қазақстан-2050»! Баршамызды ерен істерге жетелейтін бір ғана ұлы мақсат бар, ол – Мәңгілік Ел! Осы жолда күлді халқымызды біріктіруге, мақсатымызды орындауға жұмылдыратын «Нұр Отан» партиясы! Қасиетті Отанымызды нұрландыра түсу үшін бір тудың түбіне жиналып, жарқын болашаққа бірге қадам басайық!

Біз қашанда біргеміз!

Алға, Нұр Отан! Алға, Қазақстан!

ЕЛБАСЫ Н. НАЗАРБАЕВ: ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІКТІ БІР ҒАНА ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНАН КӨРУГЕ БОЛАДЫ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ Қ.Е.КӨШЕРБАЕВТЫҢ “НҰР ОТАН” ПАРТИЯСЫНЫҢ XVI СЪЕЗІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Аса қадірлі Елбасы! Құрметті съезге қатысушы делегаттар мен конструктор!

Иә, төсінде тулардың дүбірі, домбыраның күмбірі, сөз бен жырдың үздігі қалған Ұлы дааламыз басынан талай дүйді өткізді.

Ұлт болашағы үшін басын бөйгеге тіккен бабалардың өмірі аттың жалында, түйенің қомында өтті емес пе?! Бірақ, қалай қиналса да, тәуелсіздіктен күлер үзбеді.

Талай ұрпақтың пешенесіне жазылмаған бақ бізге бұйырды! Сол асыл арман мен үкілі үмітті ақиқатқа айналдырған Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев!

Уважаемые однопартійцы! Қазақстанның путь успеха стал ярким примером того, как человек творит историю.

За короткий по историческим меркам срок создано сильное и современное государство, образованное, здоровое и сплоченное общество. Построена великолепная столица, развивается экономика, наука, культура и искусство.

Казахстан, строит трансконтинентальные магистрали, осваивает космос и возвращает к берегам высохшее море, активно участвует в мировом политическом процессе.

Мы с Вами хорошо знаем, что каждое из этих свершений далось вопреки обстоятельствам. Это стало возможным благодаря интуиции, воле, мудрости и управленческому таланту Лидера Нации.

Благодаря его видению, ставшей основой всех наших стратегических документов, мы всегда знали что делать и

как делать. Сейчас наша главная цель – войти в число 30-ти наиболее развитых государств мира. И мы знаем, как этого добиться.

Создана система государственного управления.

Накоплен солидный запас прочности в виде Национального фонда.

Сегодня, в условиях внешнего кризиса, как уже бывало не раз, мы можем потерять темпы, но не ориентиры!

Да. Есть некоторое замедление экономики.

Но, стоит помнить, что о прошлогоднем росте ВВП даже в 4 процента, когда-то мы могли только мечтать!

Приоритетом нашей работы, являются структурные реформы и диверсификация экономики.

А исполнение социальных обязательств даже не обсуждается!

Как известно, во многих странах, в том числе в соседней России масштабный экономический кризис, негативное влияние которого не обходит стороной и нас.

Но и здесь найдено решение. По инициативе Главы Государства разрабатана Программа «Нурлы Жол». Создаются новые рабочие места и условия для дальнейшего развития. Очевидно, что Елбасы сделал все.

Полномочия – даны, ресурсы – выделены.

Нам остается только работать! К примеру, в рамках Программы «Нурлы жол», совместно с институтами развития, в этом году мы – кзыл-ординцы, планируем увеличить в три с половиной раза ввод жилья, начата газифика-

ция всего региона.

Скажите, в условиях кризиса, какая страна может себе это позволить?

Ардақты әлеумет!

Өткенге көз жүгіртсек, қазақ халқы бардың қадіріне жете алмай, басын қоса алмай, өз сыбағасынан өзі талай қағылған. Ал бүгін ше?

Самарқау, масылдықтан арылып, мағыналы тірлікке көштік. Осының арқасында халықтың пейілі мен ұлт мінезі де өзгерде. Санаасы азат, ойы еркін жаңа ұрпақ өсті.

Елдік мүдде, жасампаздық ниет, биікке қарай ұмтылыс, әсіресе өзіне деген сенім санамызға терең бойлап, елге деген зор мақтаныш орнауға.

Тұрмыс пен болмысты өзгерткен осы көпті көрегендікпен жетелеп, кеменгерлікпен алға тартып, дүлей дүниенің даулынан қорғап, бар қиындықты көтеріп келе жатқан Елбасы – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев!

Бүгінгі жетістік – әрине, «обдолым-толым» деген сөз емес. Енді біздің алдымызда барды баянды ету мақсаты тұр.

Осы ретте көптің іркіліссіз дамуы үшін Елбасының да келергісіз, алаңсыз жұмысына жағдай жасау қажет.

Сөзсіз, сайлау – елдік парасат, мінез бен намыс, жауапкершілік сынылар сәт. Қазіргі әрбір қазақстандықтың Елбасына деген ерекше құрметі мен риясыз көңілі – тарихи сында шыңдалған шынайы сенімнің белгісі.

Қадірменді Нұрсұлтан Әбішұлы! Халыққа қамқор, елге жанаушар, жерге ие, әлсізге жақ, дауға әділ болып, ғаламның бабын, істің ретін, елдің сәнін келтірген СІЗГЕ кәміл сенеміз!

Съезде облыс әкімі Қырымбек Көшербаев сөз сөйлегеннен кейін Мемлекет басшысы «Тәуелсіздік жылдарындағы жетістікті бір ғана Қызылорда облысынан көруге болады» – деп айрықша атап көрсетті. «Тәуелсіздік жылдарынан бері еске алатын болсақ, барлық жағдайымызды Қызылорда өңірімен-ақ салыстырып білуге болады. Кеңес одағы күйреген 90-жылдардың басында менің алдымда бүкіл Қызылорда халқын көшіру турасында мәселе тұрған болатын. Дала қанырап қалды, жер сортанданды. Арал аймағында жұмыс қалмай, Сырдың өзінде бірде су тапшы болса, енді бірде асып-тасып жат-

ЕЛДІҢ ОРТАҚ ЖЕТІСТІГІ

ты. Сонда ақсақалдармен ақылдасып, бәрін қолға алып, жағдай жасауды бастадық. Кіші Аралға халық қайта келіп, балық кәсібінде ден қоя бастады. Қызылорда арқылы өтетін автокөлік желісі салынды. Газ құбыры да батыстан оңтүстікке келді. Сырдың үстінен көпір салынды. Қызылорданың өзі де көркейіп, әлемнің 20 елінде ғана жүрекке жасалатын операция осында жасалатын болды», – делі Н.Назарбаев.

Елбасының айтуынша, басқа тұсқа бармай-ақ бір ғана Қызылорда өңірінің бүгінгі даму деңгейі елдің жетістігін тұтастай паш ете алады.

ЕЛБАСЫ БАҒАСЫ МЕРЕЙІМІЗДІ КӨТЕРДІ

Жетекші партия съезі ел өміріндегі елеулі оқиғаның бірі. Сондықтан да мен «Нұр Отан» партиясы съезінің барысын тікелей эфирден тамашаладым. Облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың сөзіне орай Елбасы айтқан лебізді толқи отырып тындадым.

Мен біраз жылдардан бері кәсіппен айналысып келемін. Токсаныншы жылдардың басы өте қиын болды. Екі қолға бір жұмыс таппай, отбасын қалай асырауын білмей абыржыған азаматтарды талай көрдік. Біздің де ісіміз бірден жүріп кете қойған жоқ. Әр салада бағымызды сынап, бизнесіміз бір ыраққа түскеніне тартып қиындық көрдік. Бірақ кедергінің бәрін жеңіп шықтық.

Қазір аймақта қай салада да қарқынды өзгеріс бар. Облыс орталығы да, аудандар мен алыс елді мекендер де еңсе тікелді. Жарты әлемді жалғаған «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автодәлізінің 800 шақырымнан астамы біздің өңірді көктей өтеді, «Сексеуіл – Жезқазған» теміржол желісі де аймақ өркендеуінің өрісті бастамасына айналдырып келеді. Осының бәрі еркіндіктің, ортақ мақсат жолында ел болып жұмыла еңбек етудің арқасы. Тоқырау кезеңінде тоз-тоз болып кете жаздаған Сыр өңіріндегі бүгінгі өрісті тірілік, Елбасы айтқандай, тәуелсіздік жылдарындағы табысымыздың көрінісі.

Ғалымбек ЖАҚСЫЛЫҚОВ,
«Ақваляй» ЖШС директоры,
қалалық мәслихат депутаты.

Кішкене АБЫСЫНОВ,
Арал ауданы ардагерлер
кеңесінің төрағасы.

СЪЕЗДЕ СӨЙЛЕГЕН ДЕЛЕГАТТАР ПІКІРІ

Мемлекет және қоғам қайраткері, академик КЕНЖЕҒАЛИ САҒАДИЕВ:

«Елбасы әлемдегі қақтығыстарға бей-жай қарап қоймай, бітімге шақырып, тыныштық үшін аталысып, халықтар арасындағы татулық үшін әлем деңгейіндегі көрнекті күрескер дәрежесіне көтеріле білді. Бұның бәрі Нұрсұлтан Назарбаевты Қазақстан Президенттігіне бірден-бір лайық қайраткер екенін айғақтайды. Осыған орай, ағайындар Президентке үміткер ретінде бәріміз бірауыздан Нұрсұлтан Назарбаевты ұсынайық. Елін соңына ертіп, халықтың асқақ арманын үкілеген Елбасы – Нұрсұлтан Әбішұлы болсын, қолдап ел тізгінін қолына ұстатайық, сәттілік тілейік».

«Нұрсұлтан Назарбаев – сан сынақтардан абыроймен өткен Елбасы. Оның басшылығымен Қазақ елі талай асулардан асты, бұл бабалар бұрын жүрмеген соқапағы көп жол еді. Оның қиындықтары да болды. Бірақ, Елбасы осының бәрінен жол тауып, қазіргі қиындықтарды дер кезінде сезіп, көріп отыр. Оның айғағы – «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жана экономикалық саясат. Ол – кең байтақ елді мекендеріміздің бір-бірімен байланысын нығайтып, халқымызға жаңа тыныс-тіршілік әкелетін саясат. Ол – жұмыссыздықпен күресуге құрал болу саясаты. Ең бастысы, біздер бұрынғыдай тек мұнайға ғана иек артуды қойып, экономиканың жаңа қырлары мен мүмкіндіктеріне басымдық береміз. Сын сағатында табылған ұтқыр шешім. Осыны орындаудың маңызы зор. Біздерге құрғақ сөз, жайдақ ұран емес, нақты іс керек. Оның нәтижесін халық көруі керек. Сонда ғана «Нұрлы жол» біздерді жаңа белестерге шығара білген береке жолы деп айтамыз».

Қазақстан Жазушылар одағының Батыс Қазақстан облыстық бөлімшесінің төрайымы, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты, қоғам қайраткері, ақын АҚУШТАП БАҚТЫГЕРЕЕВА:

«Қасиетті атамекеннің, еліне киес, халқына ие болатын ұл кез келген кезде туа бермейтініне куә болдық, ол бақыт кез келгеннің маңдайына жазыла бермейтіндігін де анық көрдік. Біз нар жүгін, ел сенімін арқалайтын, елдің ертініне деген өзінің жанпида өмірі мен халқының алдында борышын дәлелдейтін перзенттің – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев екенін көрдік, білдік, соны әлемге қайта мақтан етіп, айта келдік. Қазақ даласының ғана емес, әлемнің аузында «Нұрсұлтан – Қазақстан, Қазақстан – Нұрсұлтан» деген ұғым бар. Байлығы мол даламызды бүкіл әлемге танытып, басқа ұлттармен тереземізді теңестіргеніміз үшін, біздің аспанымыздың ашық, өміріміздің бейбіт болуына өзіңдіз кепілдікке қойғаныңыз үшін бүкіл халық Сізге тағы да сенім артып, Президенттікке қайта сайлаймыз деп отыр, мен сол халықтың тілегін арқалап келіп отырмын».

Айтқысер ақын БЕКАРЫС ШОЙБЕКОВ:

«Біз бүгін еліміз үшін аса маңызды саяси оқиғаның қарсаңында тұрмыз. Осы сарайда отырғандардың баршасының сізге деген ықыласы, Елбасына деген сенімі айтқызбай-ақ елдің емеуінен аңғарылып тұр. Өз басым бұған дейін де талай асулар мен белестерді ынтымақпен бағындырған еліміз бұл жолы да жүрісінен танбай, өз Елбасының, өз Көшбасшысының жанынан топтасатындығына бек сенімдімін. Менің алдымда сөйлеген ел ағалары, жастар, елдің ішкі-сыртқы саясатындағы, экономикадағы айтулы жетістіктерді баяндап өтті. Менің бұған қосарым, өзіңіз жетекшілік етіп отырған «Нұр Отан» партиясы – бұл күнде ұлт мұратын ту еткен партия, қазақы болмыстың жоқшысы, ұлт руханиытының жанашыры».

«Егер біз сіз межелеген 2050 жылы дамыған 30 елдің қатарына енеміз десек, онда біз дені ғана емес рухы да асқақ ел болып кала беруіміз керек. Осы шаралардың барлығы ұлттық руханияты, ұлттық сананы шындайтын шаралар. Мұның тағы бір жарқын мысалы ретінде айтарым, бытырғы жылдың өзінде партияның бастамасымен 7 бірдей облыста республикалық акинадр айтқысы өтті. Айтқыстың тақырыбы ұлтаралық бірлік, елдің татулығы, халықтың мұн-мұқтажы болды. Айтқы дәл осы «Нұр Отан» секілді халық пен биліктің арасындағы алтын көпір. Елдің сөзін билікке жеткізуді, құр сынаушы ғана емес, жақсылықтарды да жарқыратып айтатын, елді ізгілікке үндейтін өнер. Жамбыл бабамыз айтқандай, кеше де, бүгін де ақындардың жарылайдығы – бірлік, аңсайтыны – шыңдық, көксейтіні – мемлекет саясаты. Яғни, бәтуалы тірлік. Сондықтан да байтақ ел төрткіл дүниемен терезесін тең еткен өз Презлентін қолдайық».

Айтқысер ақын сөзін өлең шумақтарымен аяқтай келе: «Ақтарсам көкіректең шынышыл жырды, Қазағым татулықпен тіл сындырды. Дағдарыстың дауылы біз түгіл, Талай алып елдерді күрсіндірді. Елбасы көшті бастап келе жатыр, Күн бұрын бағдарлап тылсым күнді. Алты Алашқа керепт ел бірлігі, Бейбіт күн көгімізде күлсін нұрлы. Сондықтан Өзіңізге тапсырмақшы, Қалың ел екі тізгін, бір шылбырды. Мына жол бабалардан жалғасқан із Жатпайды қын түбінде алмас нағыз. Қашанда жаныңызға тірек болған, Қолданыз ұлтыңызды, қорғаштанғз. Қаншама асулардан адастырмай, Аман-сау алып өткен марқасамыз. Тағдырын жұртң Сізге тапсырып тұр, Тәуекел, тағы да бір жол бастаңыз».

● САЙЛАУ – 2015 БРИФИНГ ӨТКІЗІЛДІ

26 ақпанда Орталық сайлау комиссиясының бекітілген күнтізбелік кестесіне сай 2015 жылғы 26 сәуірге тағайындалған Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауында кандидаттарды ұсыну басталды. Осыған орай 9 наурызда Орталық сайлау комиссияның брифингі болды. 2-9 наурыз аралығында Орталық сайлау комиссиясына өзін-өзі ұсынған 14 өтініш келіп түскен.

Сонымен қатар, Сыздықов Тұрғын Ысқақұлы «Қазақстан Коммунистік Халық партиясы» қоғамдық бірлестігінен ұсынылып отыр. Бұл туралы Орталық сайлау комиссиясының баспасөз орталығы мәлімдеді.

ҚР ОСК Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидаттардың Конституция мен қолданыстағы сайлау туралы заңнамада қойылған талаптарға сәйкестігін тексеру бойынша қажетті іс-шаралар өткізді. Бас прокуратура мен ІІМ-ге тиісті құраулар жіберілді.

Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидаттардың мемлекеттік тілді еркін меңгергендігін анықтау жөніндегі лингвистикалық комиссияның отырыстары болды. Үміткерлер арасынан Әбдікәрімов Бақыт Төлегенұлы мен Мырзашов Сухраб Аминжанұлының қырық жасқа толмауына байланысты оларды тіркеуден бас тарту туралы қаулы қабылданды.

Сонымен қатар, лингвистикалық комиссия қорытындысы негізінде ҚР ОСК Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидаттар ретінде Сырғабаяв Асқар Жартабайұлы мен Алдажанов Сафиолла Қалабайұлын тіркеуден бас тартты.

6 наурызда Қойшыева Лиманаға қатысты оның Конституция мен сайлау туралы заңның талаптарына сәйкестігі туралы тиісті қаулы қабылданды. Оған өзінің кандидатурасын қолдап сайлаушылардың қолдарын жинау үшін қол қою парактары берілді.

«Үміткерлердің өз қолдарымен жазған мәліметтерінің өзін Ортсайлауком мұқият тексеруде. Мысалы, өз кандидатурасын ұсынған У.Қайсаров Президенттікке кандидат болып дауысқа түсуге ниет білдіру туралы өтінішінде басқа мемлекеттің азаматтығында тұрғанын өз қолымен көрсеткен. Осы мәселе бойынша біз ІІМ-ге аталған деректерді тексеру үшін сұрау жібердік. Сондай-ақ осы үміткер мемлекеттік тілде толтырған өмірбаяндық деректерде бірнеше қателер кеткен» - деп атап көрсетті брифинг барысында Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Л. Сүлеймен.

Осы күні өткен Орталық сайлау комиссиясының отырысында Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Қазақстан Респубикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңында кандидаттарға қойылатын талаптарға сәйкес келмеуіне байланысты үміткерлер – Қанат Токтарұлы Жуманды, Есенбек Жапарұлы Ұкешбаевты және Уәлихан Әбішұлы Қайсаровты Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидаттар ретінде тіркеуден бас тарту туралы шешімдер қабылданды.

Орталық сайлау комиссиясының бұл шешіміне Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидаттық мемлекеттік тілді еркін меңгергендігін анықтау жөніндегі лингвистикалық комиссияның қорытындылары негіз болып отыр.

● СЫРБОЙЫЛЫҚ ДЕЛЕГАТТАРМЕН СҰХБАТ

БОЛАШАҒЫМЫЗДЫҢ АЙҚЫН БАҒДАРЫ

«Нұр Отан» партиясының XVI съезін тәуелсіз еліміз тарихында таңбаланатын маңызды оқиғалардың бірі деп есептеймін. Бұл съезде еліміздің ертеңі, болашағымыздың бағдарына қатысты маңызды шешім қабылданды.

«Нұр Отан» партиясының алдыңғы сайлау қарсаңында қабылдаған сайлауалды тұғырнамасы орындалды. Алға қойған мақсат-міндеттерге жету жолындағы талпыныстар елдің әлеуметтік-экономикалық даму үрдісіне оң өзгерістер әкелді. Бұл сөз бен істің бір арнада тоғысқанын дәлелдейді.

Мемлекет басшысы ұсынған мемлекеттілікті нығайтудың 5 институционалды реформасы біздің өркениетті елдер қатарына қосылуымызды көздейді. Сондай-ақ жаһандық сын-қатерлерге тойтарыс беру үшін жан-жақты ойластырылған, мықты стратегиялық негізі бар осындай бағдарлама керек.

Елбасының соттардың тәуелсіздігіне қатысты пайымы, сот жүйесінің әлсіз тұстарына айтқан сыны көңілден шықты. Расында да, тәуелсіз сот меншік иесі құқығын сақтайды, кәсіпкерлік үшін жағдай жасайды, келісім міндеттерін қорғауға кепілдік береді. Судьялардың бай жұмыс тәжірибесінің болуы, қатаң іріктеуден өтуі бұл саладағы ірі өзгерістерге жол ашады.

Сонымен қатар мемлекеттік қызметкерлердің барлық деңгейлерінде мемлекеттік аттестация өткізу туралы бастама қолдауға тұрарлық. Бұл Елбасы атап өткендей, меритократия принциптерін қорғау және жемқорлықты болдырмау бойынша жүйелі жұмысты орынықтыруда маңызды қадам саналады. Қызметкер сатылап өсу, тәжірибе жинақтау арқылы ғана дайын басшы болады. Мемлекеттік қызмет туралы жаңа заң, жемқорлықпен күрес туралы заңға толықтыру-



лар мен өзгертулер енгізу арқылы бұл сала сапалық жағынан өсе түседі. Елбасының «Мемлекеттік құрылымдар көпэтникалық қоғамымыздың бірлігін нығайтатын негізге айналуы тиіс. Мемлекеттік қызмет әділ казакстандық қоғамның

прототипі болсын. Онда барлығы тең жағдайларға ие болсын. Меритократия принциптеріне сай, діні мен ұлтына жік салынбасын» деген тапсырмасы мемлекеттік қызмет сапасының артуына ықпал етері сөзсіз.

ЖАҢА БЕЛЕСТЕР БИІГІНЕ

Кеше Астанадағы Тәуелсіздік сарайында «Нұр Отан» партиясының кезекті XVI съезі өтіп, онда партия төрағасы, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев сөз сөйлегені белгілі. Мемлекет басшысы өз сөзінде бірқатар келелі мәселелерге тоқталып, нақты бағыт-бағдар ұсынды. Атап айтқанда, Нұрсұлтан Әбішұлының казакстандық мемлекеттілікті нығайтудың бес реформасы туралы айтқаны көңілме қонды. Бұл орайда Елбасы ырықтандыруды жалғастырып, мемлекеттік орган жетекшілерінің есептілігін кеңейту қажеттігін ескертті. Сонымен бірге, қабылданатын шешімдердің ашықтығын қамтамасыз ету керектігін және мемлекеттік органдар мен әкімдер жанынан құрылған қоғамдық кеңестер ролін арттыруды тапсырды.

«Үшіншіден, азаматтық бюджеттеуді енгізу керек. Бұл ретте азаматтық қоғам өкілдерінің бюджет қаржысын үйлестіруге қатысуы сөз болып отыр. Мұны, әсіресе, жергілікті жерлерде, аудандар мен өңірлерде, қалалар мен облыстарда ескерген жөн», – деген Мемлекет басшысы оған қоса шағым беру жүйесін күшейту қажеттігін де айтты.

Сондай-ақ, съезде мемлекеттік қызметшілерге қатысты, сот жүйесі қызметі туралы жақсы айтылды.

Мемлекет басшысы өткізілгелі отырған кезектен тыс Президент сайлауының маңызына тоқталды.

– Біз бір орында тұрмай, алға жылжыуымыз керек. Тоқтап қалуға болмайды. Тоқтап қалған су бұзылады, бір орында тұрсақ, арттағылар озып кетеді. Қазақстан халқы Ассамблеясының кезектен тыс президенттік сайлау өткізу туралы бастамасы халық тарапынан қызу қолдау тапқанын біліп отырсыздар. Санаулы күнде маған осы мәселе жөнінде мыңдаған хаттар келіп түсті. Құзыры орындар бұл бастаманы ел заңнамасына сәйкес деп тапты. Сонымен, 26 сәуірде кезектен тыс Президент сайлауын өткізу туралы Жарлығым



осыған жауап болды. Бұны Отанымызда бейбітшілік пен келісімді нығайтуға, біздің бағытымызды жалғастыруға деген жалпыхалықтық ұмтылыс пен дәлел деп білуіміз керек,– деп Елбасы жақсы айтты өтті.

Съезде сөз сөйлеген делегаттар Мемлекет басшының ел тәуелсіздігі жолындағы өлшеусіз еңбегін алға тартып, бірауыздан сайлауға түсуін қолдады. Осы орайда съездегі ең басты оқиға ол – Елбасының сайлауға түсуге келісімін бергені болды. Осылайша Елбасымызға тағы да үлкен үміт артылды.

Әліма ӘБДІХАЛЫҚОВА,
«Қызылорда облысының Азаматтық Альянсы» қауымдастығының төрайымы.

ТЫҒЫЗ ТОПТАСА ТҮСЕМІЗ



Қазақстанның тұғыры берік, ертеңі бұдан да жарқын болсын десек, Елбасымыздың сайлауға қатысуы аса маңызды жайт. Кезектен тыс сайлау өтетіні туралы белгілі болған сәтте осы ой мені бірден бауран алған болатын. Өйтсе де кеше Астанада Тәуелсіздік сарайында «Нұр Отан» партиясының XVI съезіне қатысып отырып, мұны өте айрықша сезіне білдім. Мұндай әсер сөзге қатысқан әрбір делегаттың басынан өтті деп ойлаймын. Сондықтан да делегаттар Елбасын ҚР Президентігіне үміткер етіп ұсыну туралы ұсынысты бірауыздан қолдады.

Иә Қазақстан тәуелсіздікке ие болғаны бері үлкен асулардан өтті. Экономикамыз нығайып, көптеген жетістіктерге жеттік, әлемнің бәсекелестікке қабілетті 50 елінің қатарына қосылдық. Осы ретте Мемлекет басшысының съезінде сөйлеген сөзінде келтіргендей, Тәуелсіздік жылдарындағы жетістікті бір ғана Қызылорда облысынан көруге болады.

«Тәуелсіздік жылдарынан бері еске алатын болсақ, барлық жағдайымызды Қызылорда өңірімен-ақ салыстырып білуге болады. Кеңес одағы күйреген 90-жылдардың басында менің алдымда бүкіл Қызылорда халқын көшіру тұрасында мәселе тұрған болатын. Дала қанырап қалды, жер сортаңданды. Арал аймағында жұмыс қалмай, Сырдың өзінде бірде су тапшы болса, енді бірде асып-тасып жатты. Сонда асқақалдармен ақылдасып, бәрін қолға алып, жағдай жасауды бастадық. Кіші Аралға халық қайта келіп, балық кәсібінде ден қоса бастады. Қызылорда арқылы өтетін

ӨРКЕНДЕУДІҢ ӨРІСТІ ЖОЛЫ

Биылғы жыл бүкіл әлем жұртшылығы үшін үлкен сынақтармен басталғаны белгілі. Дүние жүзін дүр сілкіндіріп отырған дағдарысты қай ел қалай шешетіндігі сол елді басқарып отырған басшыға тікелей байланысты өкелдігі айтпасқа түсінікті.

Десек те, әлемдегі күрделі ахуалдарды жете ескермей болмайды. Дағдарыс толқыны талай мемлекетті келеділшік деңгейіне жеткізді. Ал тәуелсіз еліміз осы сынақтардың барлығынан мүдірмей өтіп келеді. Өйткені, Мемлекет басшысы осынау ортақ іске Қазақстан халқын жұлдыртайы жұмылдырып, экономикалық қиындықтарды дер шағында ауыздықтай білді, әсіреген тұстарды Ұлттық қор арқылы толықтырып, стратегиялық бағыттан айнымалы. Солан да болар, біздің бойымызда қандай да бір қиындыққа төтеп беретін төзімділік қасиет қалыптасты. Бұл қасиет ғаламдық экономиканың дағдарысына қарсы тұруға сеп болмақшы. Сол арқылы жаңа жұмыс орындарының ашулуды, жұмыссыздықтың белен алмауы, азаматтарға еңбексіздік, зейнетсіздік, басқа да әлеуметтік төлемдерін уақытылы төлеп тұруға мүмкіндік берері анық.

Кеше мен Астанадағы Тәуелсіздік сарайында өткен «Нұр Отан» партиясының кезекті XVI съезіне қарапайым халық өкілі ретінде делегат болып қатыстым. Онда делегаттар Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты ҚР Президентігіне үміткер ретінде ұсынуы туралы бірауыздан қолдады.

Съезде сөз алған партия көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауына қатысатындығын мәлімдей келе: «Мен өз кандидатурамды бір мақсат үшін ғана, алдымызда тұрған қиын міндеттерді шешуге бағытталған жаңа міндеттерді ұсыну үшін ғана ұсынамын. Өйткені, сайлауға өз халқының өмірін жасарту үшін нақты бағдарламаларын мен мақсаттарын болғанда ғана бару керек. Егер ондай мақсатын мен міндетін болмаса, онда сайлауға қатысудың да қажеті жоқ», – делі.

Иә, сайлау – бұл біріншіден, жалпыхалықтық тетік, екіншіден – үлкен жауапкершілік. Сондықтан, Қазақстан осынау кезеңнен сәтті өтіп қана қоймай, әлеуметтік-экономикалық жаңғыру және халықтың әл-ауқатын арттыру бағытындағы бастамаларын нәтижелі жүзеге асырады деп ойлаймын. Бұл сайлауды өткізу саяси тұрақтылықты, қазақстандық қоғамдағы ұлтаралық және конфессияларлық келісімді нығайтуға да ықпал етеді деп сеніммен айта аламын.

Қайратлин БАЙМАХАНОВ,
Ауған соғысы ардагерлері қоғамының төрағасы, съезд делегаты.

● САЛТАНАТ

КҮННІҢ НҰРЫ, АНАНЫҢ МЕЙІРІМІ ШУАҚТЫ



Халықаралық әйелдер күніне орай Н.Бекежанов атындағы музыкалық драма театрында «Әйел – тіршілік тірегі» атты мерекелік салтанат өтті. Онда облыс әкімі Қырымбек Кошербаев барша қыз-келіншектерді құттықтады. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму үрдісіндегі қыз-келіншектердің алар орнын жоғары бағалап, ана мен бала саулығы, демографиялық өсім, бүлдіршішдерді балабақшамен қамтамасыз етудегі оң нәтижелерге тоқталды.

– Азаматына тірек, ұрпаққа қамқоршы, қатарына өнеге болған абзал аналардың елдігімізге қосқан үлесі орасан зор. Сіздерге құрмет көрсету – біздің міндетіміз. Аналардың «ақ сүтім ақталды» деп маркауы балаларына ризашылығының белгісі. Ендеше перзенттеріңіз сенімдеріңізді ақтасын. Бізге өмір сыйлаған ақ жаулықты асыл аналарымызды, қымбатты ана-қарындастарымызды, сүйікті жарларымызды, гүлдей құлпырған қыздарымызды көктем мерекесімен құттықтаймын. Шаңырақтарыңызға шаттық, жандарыңызға саулық, ұзақ ғұмыр тілеймін, – деді аймақ басшысы.

Салтанатты шара республикалық, халықаралық балалар

шығармашылығы байқауларының жүлдегерлері шырқаған ән-сәлеммен жалғасты. «Қасымда болсын мамам, болайын мен де аман» деп ән салған балдыргандардың ышнайы тілегіне көрермендер дүркірете қол соқты. Осы күні КСРО Халық артисі Әлібек Дінішев пен әнші Бауыржан Исаев сырбойлық әйел-аналарға әнінен шашу шашты. Қазақтың ән қазынасындағы ару қыздарға, гүл көктемге, мөлдір махаббатқа, асыл анаға арналған әдемі әндер мерекелік кештің мән-мағынасын арттырып, жиналған жұртшылықты бір серпілтті.

М.МЕРЕЙ.

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

КЕНТТЕ ГАЗДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ

«Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбыры магистральді желісі – еліміздегі бірі жобалардың бірі. Жоба аясында аймақтағы елді мекендерді газдандыруға байланысты мәселелер де шешімін табар күн алыс емес. 2013 жылдың желтоқсанында облыс әкімдігі мен «ҚазТрансГазАймақ» АҚ арасында жасалған меморандум аясында қоматқы қаржы бөлініп, аймақтағы 4 аудан орталығы және Байқоныр қаласына автоматтандырылған газ тарату стансасы мен кварталішілік газ құбырларының құрылысын жүргізу қолға алынды.

Бұл облыс әкімі Қ.Кошербаевтың жуырда өткен тұрғындар алдындағы есепті кездесуінде телекөпір арқылы көрсетілген-ді. Өткен жұма күні Әйтеке би кентінен кварталішілік газ құбырларын тарту салтанатты түрде басталып кетті. Шараға жиналған тұрғындардың қарасы мол болды. Айта кетерлігі,

бұл шаруаны жыл аяғына дейін бітіру межеленуде. Жоба бойынша «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбыры магистральді желісінен автоматтандырылған газ тарату стансасына дейінгі 38 шақырым газ құбырын тарту, автоматтандырылған газ тарату стансасының құрылысы, Әйтеке би кенті

бойынша жоғарғы, орташа және төмен қысымды газ құбырлары, газ реттеуіш пункттері, газ таратушы шкафтарын орнату көзделген. Сондай-ақ, жұмысшылардың бағым бөлігі жергілікті тұрғындардан тартылуына тиіс.

Шарада Қазалы ауданы әкімі Бақыт Жаханов жобаның бас мердігері «СпецГазМонтаж» ЖШС директорының орынбасары Әділхан Алданов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекбанов өз тілектерін білдірді. Салтанатты рәсім соңында «СпецГазМонтаж» мамандары алғашқы газ құбырын тартты.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Әйтеке би кенті.



Әрдайым қауіпсіз, денсаулыққа зиян келтірмейтін, сапалы тағам пайдалануға тырысайық, ағайын! Өз денсаулығыңыз – өз қолыңызда!!!

Қызылорда облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті.

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

Қызылорда облысы әкімінің аппараты, 120000, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан к., н/с, анықтама үшін телефондары: 8(7242) 40-11-91 (7080), zhusupova_a@orda.gov.kz, «Б» корпусы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналастуға конкурс жариялайды:

Қызылорда облысы әкімі аппаратының құқық қорғау органдарымен жұмыс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлімінің бас инспекторы (Д-3 - 1 бірлік). Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 94 813 теңгеден 128 126 теңгеге дейін (экологиялық коэффициент есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері: Сыбайлас жемқорлықпен күрес, құқықтық тәртіпті нығайту, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша құқық қорғау, арнаулы, сот және басқа да органдармен өзара жұмысты қамтамасыз ету. Сыбайлас жемқорлықпен күрес, құқық бұзушылық профилактикасы мәселелері жөніндегі облыс әкімінің жанындағы консультативті-кеңесші органдардың қызметін ұйымдастыру және жүргізу. Сыбайлас жемқорлықтың, қоғамдық қауіпсіздіктің және қылмыстылықтың ахуалына талдау жасау және облыс әкімін осы бағыттағы қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар: Құқық мамандығы бойынша жоғары білім. Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

- 1) мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес;
- 2) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі үш жылдан кем емес;
- 3) жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде қадірлар жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтау;
- 4) ғылыми дәрежесінің болуы.

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы»,

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті білім да міндетті білімдер.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар: 1) Әкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;

- 2) 3x4 үлгідегі 1 фотосурет пен өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған анкета;
- 3) білім туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
- 4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
- 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізбегінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
- 6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
- 7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органды белгілеген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тәстілеуден өткен туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалдық куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды өлкені жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (қалы қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және бекілетін қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби

қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын көшірілмей берелі. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Қызылорда облысы» және «Сыр бойы») соңғы жарияланған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі: 120000, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, н/з, №602 бөлмеде қабыланады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссиясы шешім қабылдаған күнінен бастап екі жұмыс күн ішінде әңгімелесу өткізу туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі: 120000, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, н/з, әңгімелесуге шақырған күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушылар қатыстырылуға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәжіліс заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялық өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне

(кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басыншымен конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусында бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тәстілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

Д-3 санаты үшін тәстілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма), логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» (15 сұрақ); Қазақстан Республикасының конституциялық заңдары; «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ); «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ); «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ); «Нормативтік құқықтық актілер туралы» (15 сұрақ); «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ); «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Аталмыш лауазымдарға орналасқан адамдар үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

Қызылорда облысы әкімі аппаратының конкурстық комиссиясы.

● БРИФИНГ

«Сыр медиа» ЖШС жанындағы коммуникациялар орталығында Қазақстан халқы Ассамблеясы облыстық хатшылығының жүргізген жұмыстары жайлы хатшылықтың бас инспекторы Айгүл Сағымбай БАҚ өкілдеріне кеңінен әңгімелеп берді. Быыл Ассамблеяның құрылғанына 20 жыл толады. Соған орай елімізде ауқымды шаралар жүзеге асырылып келеді.

“ҚАЗАҚСТАН – МЕНІҢ ӨЗ ЕЛІМ”



Аймақтың өзінде “Сыр елі – достық мекені” атты көш керуені болып өтті. Ол бірлік пен татулықты насихаттауға арналған маңызы бар кездесулерді, көрмелерді, мерекелік бағдарламаларды ұйымдастырды. Сонымен қатар “Қазақстанға ыстық ықыласпен” атты әлеуметтік жобасы іске асырылды. Оның аясында бірнеше шет мемлекетке қоныс аударғандар елге келіп, қаланың көрікті жерлерін аралап, танысты. Этно-мәдени бірлестіктер тарапынан концерттік бағдарламалар, түрлі шаралар ұйымдастырылып, ұрпақтарын өз халқының әдет-ғұрпымен, салт-дәстүрімен кеңінен таныстыру іске асырылды. Кездесу барысында славян және татар этно-мәдени бірлестіктері тәрапымының орынбасарлары Татьяна Данилина мен Райса Смаханова этно-мәдени бірлестіктердің атқарған жұмыстары жайлы әңгімелесі.

Астанада өткен Қазақстан халқы Ассамблеясы жылының ашылу салтанатына Сыр өңірінен 15 делегат қатысты. Олар Астананың көрікті жерлерін аралап, мәдени орындармен танысты. “Менің Қазақстаным” атты этно-мәдени бірлестіктердің республикалық музыкалық фестивалі өтті. Оған қызылордалық әнші Константин Луца қатысып, ұлы ақын Абайдың “Айттым сәлем, Қаламқас” әнін нәшіне келтіре орындап, бас жүлдені жеңіп алды. Кәріс қызы Кристина Тигай да Нұрғиса Тілендиевтің “Аққу” күйін қазақтың қосішекті домбырасында орындап, ол да жүлделі орын алған болатын. Кездесуде екі жүлдегер өз ой-пікірлерін, алған әсерлерін қазақ тілінде жеткізіп, алдағы жоспарларын жайында әңгімелесі.

Ж.ОРАЛБАЕВА.

ЖАРЫҚ ПЕН ГАЗ БАҒАСЫ АРЗАНДАДЫ

Табиғи монополияларды реттеу және баскеселестікті қорғау комитетінің облыс бойынша департаменті 2015 жылғы 1 ақпанныан бастап “Екібастұз ГРЭС-1” ЖШС өндіретін электр энергиясының бағасы 1 квт сағатқа қосымша күн салығынсыз (КҚС) 9,86 теңгеден 9,69 теңгеге төмендеуіне байланысты электр энергиясымен жабдықтаушы ұйымдардың қолданыстағы бағалары да соған сәйкес төмендетілгені хабарлады.



Атап айтқанда, ағымдағы жылдың 1 ақпанынан бастап электр энергиясымен жабдықтаушы ұйымдардың орташа боса-дан бағалары 0,53 пайыздан 0,74 пайызға дейін төмендетілді. Соның ішінде 1 квт сағатқа ҚҚС-мен “Энергосервис” ЕЖШС-да 16,15 теңгеден 16,06 теңгеге, “Шиелі жарығы” ЖШС-да 16,83 теңгеден 16,74 теңгеге және “Дау-

летэнерго” ЖШС-да 18,04 теңгеден 17,91 теңгеге арзандатылды. Соған сәйкес департамент электр энергиясының сараланған тарифтерін тұтыну көлеміне қарай және тәулік зоналары бойынша және жеке тұлғалардың тұтыну көлеміне қарай энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың электр энергиясына арналған сараланған тарифтерді төмендетуді қайта есепте жүргізді.

Сонымен қатар департамент табиғи монополияларды және нарықты реттеудің қолданыстағы заңдылығына сәйкес бес субъектінің, атап айтқанда “Турангаз”, “Байқоныргаз”, “Аралгаз”, “Нұрдаулет-М” және “Аргос” ЖШС-ларының сұйытылған мұнай газының бағасына мемлекеттік реттеуді де жүзеге асырды.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2015 жылғы 27 ақпандағы бұйрығына сәйкес ішкі нарықтағы сұйытылған мұнай газының бір тоннасының бағасы қосымша күн салығынсыз 31536,29 теңгеден 11033,91 теңгеге дейін төмендетілді. Соған орай облыстық департамент газ бағасына дәлелденіп жүргізілген сараптама қорытындысына сәйкес 2015 жылдың 7 наурызынан бастап жоғарыда аты аталған газбен жабдықтаушы ұйымдардың тарифтерін орташа есеппен алғанда 2,7 пайыздан 61,4 пайызға дейін төмендетті.

Айгүлі ҚАРАБАЛАЕВ.

НӘЗІКЖАНДЫЛАРДЫ ҚҰТТЫҚТАДЫ

«Нұр Отан» партиясы «Жас Отан» жастар қанаты облыстық филиалы өкілдері Халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында Қызылорда қаласындағы бірқатар мекемелерде болып, қыз-келіншектерді құттықтады.

Жасотандықтар Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің, М.Мәметова атындағы гуманитарлық колледжінің және «Болашақ» университеті, перинаталды орталық пен «Жедел жәрдем» орталық бекетінде еңбек ететін нәзікжандыларға құттықтау хаты мен гүл шоғын табыс етті.

Жастар нәзікжандыларға жылы лебіздерін білдіріп, оларға зор денсаулық, еңбекте табыс және отбасы бақытын тіледі.

ӘЛЕМНІҢ ЖАРЫҒЫН СЫЙЛАДЫҢ, СЕН МАҒАН

Халықаралық аналар мерекесі қарсаңында «Нұр Отан» партиясы Қазалы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Қасқырбек Мамбетжан, «Тілеп» ЖШС директоры, облыстық мәслихат депутаты Ібайдулла Тілеп аудандық перзентханада болып, жас босаған аналарға мерекелік сый-сияпат көрсетті.

«Қорала бір қозы туса, қырда бір түп жусан артық өседі» деген халық төмісіп бекерге айтылмаған. Тәуелсіз елімізде ана мен бала денсаулығын, өмірін сақтау басты назарда тұрғаны белгілі. Жетекші партия өкілдерінің бүгінгі қадамы осы ұстанымның жарқын көрінісі екендігі анық.

Кездесу барысында жас босаған ана Айжан Рахманбергенованың енесі Шаки нәрестенің есімін Меруерт (Меруерт есімінің мағынасы — ажарын кіргізу, көрік беру, әлемі көрсеу) деп қойғанын, сабыдін де, келінінің де хал-жағдайы жақсы екенін айтып, ел ағаларына, ақ қалатты абзал жандарға өзінің ризашылығын жеткізді.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

● ФУТБОЛ

«ҚАЙСАР» МАУСЫМДЫ ТЕҢ ОЙЫНМЕН БАСТАДЫ

Биыл Қазақстанда алғаш болып ел чемпионатын Қызылорда қаласы ашты. Өзге ойындардан бес минутқа ерте басталған «Қайсар» мен «Жетісу» кездесуі аса тартысқа толы болды. Дегенмен, бұл кездесуде қос команда бір-бірінің осал тұсын таба алмастан, тең нәтижеге қанағат білдіріп тарасты.

Ойын басталар алдында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев «Қайсарға» сәттілік тілеп, қомаңда үшін қамқорлық жағамаса беретінін жеткізді. Биылғы доп додасында жерлестеріміз жоғары жетістікке қол созады деген үміт зор.

Өткен маусыммен салыстырғанда екі команданың да құрамы шамамен 60 пайызға жанарған. Бірқатар білікті ойыншылармен толығып, біраз футболшылар өзге ұжымдарға ауысты. Алғашқы ойыннан аңғарғанымыз, екі команда да жана маусымға тас-түйін дайындықпен келген сынайлы. Ол кездесу барысында байқалып тұрды. Қонақтар қорғаныс



шебі мықты екендігін дәлелдей түсті. «Қайсардың» қауіпті шабуылдарының барлығын дер кезінде тоқтатып, алаң иелеріне гол соғатын мүмкіндіктер бермеді. Әйтсе де, Серікжан Мұжықов пен Владислав Нехтий-де бірінші, Юрай Пирошка мен Римо Хунтта екінші кезеңде гол соғатын керемет мүмкіндіктер болған. Бірақ алғашқы екеуінің соққылары маңдайшадан сәл ғана биік кетсе, Жасұлан Молдақараевтың әдемі пасынан кейін Юрай Пирошканың соққысы қақпа бағанасынан кері серпілді. Ал Римо Хунт

Андрей Пасеченкомен жеке-дара шығып, қақпашыдан айласын асыра алмады. Осылайша «Қайсардың» қарқынды шабуылдарымен өткен ойын тең нәтижемен аяқталып, екі команда еншілеріне бір-бір ұпайдан жазды. Қорытынды есеп 0:0.

«Қайсар» біріншілік барысындағы кезекті ойынын бүгін, 11 наурызда Астана қаласындағы «Астана-арена» стадионында Көкшетаудың «Окжетпесіне» қарсы өткізеді. Ал 15 наурызда өз алаңында Павлодардың «Ертісін» қабылдайды.

Ә.ТҰРСЫНБЕКҰЛЫ.

● КИНО

«ОРАЛУ» ЖАСТАРДЫ ОТАНСҮЙГІШТІКKE БАУЛИДЫ

Осы аптаның дүйсенбісінде елімізде режиссер Рашид Сүлейменовтің «Оралу» («Дорога домой») атты киносының бүкілхалықтық тұсаукесері болып өтті. Аталмыш туындыны «Қазақфильм» киностудиясы «Көркем фильм» кинокомпаниясымен бірлесіп отырып түсірген. Оған Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі тапсырыс берген. Басты рөлдерді Санжар Мәдиев, Аружан Жазылбекова және Обонна Эндубуезе сомдады.

Қызылорда қаласында жергілікті жұрт көркем туындымен Асқар Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде танысты. «Жас Отан» облыстық филиалы ұйымдастырған шараға студенттер мен оқушылар көбірек жиналды.

Фильм жас жігіт Максаттың өмір тарихын баяндайды. Ол шетелде жоғары табыстарға жетеді. Өзінің атасының қазасынан кейін туған ауылына қалам басқан ол Отан мен отбасына деген сүйіспеншілік адам үшін басты құндылық екенін сезінеді.

Аталмыш дүние Астана және Алматы қалаларында, сондай-ақ, Алматы облысының Тұрар елді мекенінде түсірілген. Туындының ұзақтығы бір жарым сағатқа созылады. Кино прокатқа үстiмiздегi жылдың 19 наурызынан бастап шығады.

Бұл туынды халықаралық «Еуразия» кинофестивалінде көрермен көзайымына ие болған.

Әділжан ҰМБЕТ.

КӨКТЕМНІҢ ШУАҚТЫ МЕРЕКЕСІ

Көктемнің шуағымен келетін 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай Сырдария ауданының мәдениет үйінде «Жаңа жылын сыйлағандар» атты салтанатты мерекелік кеш болып өтті. Оған аудандағы Батыр аналар, зор құрметке лайық нәзікжандылар қатысып, әйел-аналардың құрметіне концерттік бағдарлама ұсынылды.

Салтанатты шараны аудан әкімі Ғ.Қазантаев ашып, ардақты жанларды көктемнің шуақты мерекесімен құттықтады. – «Отан отбасынан басталады» дейді дана халқымыз. Ал сол отбасының ұйытқысы да, берекесі де әйел. Қай қоғамда болмасын, ұрпақ өсіріп, ұлт тәрбиелеуде аналардың орны қашанда ерекше. Бүгінде әйелдер қоғамы әлеуметтік, саяси, рухани және басқа да өміршен салалардың ісіне белсе-

не араласып, еліміздің күш-қуатын арттыруда өз үлестерін қосып келеді. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Кез келген мемлекеттің жеткен биігі, жетістігі және мәдениеті әйелге деген көзқарасымен өлшенеді» деп әйел-аналардың мәртебесін көрсетіп берді. Сырдария ауданының бүгінгі жеткен жеңісі мен жетістігі әйелдердің көзге көрінбейтін тірлігі, қажырлы еңбегі мен тәлімді тәрбиесіне байланысты деуге толық негіз бар. Көктемнің шуағымен келген алғашқы мереке сіздерге мейірім-шапағатымен келсін. Барыңаңызды шын жүректен құттықтаймын, – деді аудан басшысы Ғанибек Қонысбекұлы.

Ел дамуына өз үлестерін қосып, көп баланы өмірге әкелген Батыр аналар, еңбек ардагері Райхан Бақытбаева мен құрылысшы Бисенқұл Сариева, әр салада

Е.БЕРКІНБАЕВ.

● ТОСЫН СЫЙ

АВТОБУСТАР ГҮЛ СЫЙЛАДЫ

Халықаралық әйелдер күніне орай, «Қызылорда» автопаркі асқаулықты аналар мен қыз-келіншектерге бұрын-соңды болмаған тосын сый жасады. Қалаашылық көзғамдық көлік кондукторлары 5 наурыздан бастап қатарынан төрт күн бойы жолаушы нәзікжандылардың мерекелік көңілдерін марқайтып алқызыл раушан гүлдерін сыйлады.

Автобуска кірген әрбір нәзікжандыларға арналған гүлдер өз иелерін тауып жатты. Жүргізушілер де салонға енген арулар мен асқаулықты аналарды микрофон арқылы құттықтады. Мұндай тосын сый қала тұрғындары мен қонақтарын ерекше қуанытп, өзгеше әсер сыйлады.

Бүгінде қаладағы күрмеуі көп қоғамдық көлік мәселесі оңынан шешіліп жатыр. Бұған тұрғындар да дән разы. Облыс орталығында үлкен сыйымдылықтағы автобустар саны артып, сапалы қызмет көрсетіп келеді. Сауабы мол іске ұйытқы болып отырған «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік компаниясына қарасты «Қызылорда» автопаркі биыл тағы да 100 автобуспен толықнақшы. Ілтипат пен ізеттілікті, жолаушыға деген құрметті автопарк қызметкерлері басты міндеті са-



найды. «Қызылорда» автопаркінің басшысы Әнуар Нақпа, алдағы уақытта осындай шаралар тиісінше өтіп тұратынын айтты.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ЕҢБЕК САЛАСЫНДАҒЫ БАҚЫЛАУ БАСҚАРМАСЫ ҚЫЗЫЛЫҒЫНЫҢ ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАНДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№ р/с	Жеке және заңды тұлғалары қабылдаушының аты-жөні	Жеке және заңды тұлғалары қабылдаушының лауазымы	Жеке және заңды тұлғалары қабылдау күні	Мемлекеттік мекеменің мекен-жайы	Байланыс телефоны
1	Жолдасбаев Нұрлыбек Қажатайұлы	Басқарма басшысы – Бас мемлекеттік еңбек инспекторы	Сәрсенбі, Қабылдау сағаты 16.00-18.00	Қызылорда қаласы; Бекзатхан Асқар,47; каб.301а	8(7242) 26-34-76
2	Хасанов Әтеп Исмайұлы	Басқарма басшысының орынбасары – мемлекеттік еңбек инспекторы	Бейсенбі, Қабылдау сағаты 15.00-17.00	Қызылорда қаласы; Бекзатхан Асқар,47; каб.301б	8(7242) 27-22-85

БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗЫ АНЫҚТАЛДЫ

Қызылорда құрылыс және бизнес колледжінің ұйытқы болуымен «WorldSkills Kazakhstan» «Тас қалаушылар» мамандығы бойынша кәсіби шеберлік сайысы болып өтті. Байқау республикалық ғылым-әдістемелік орталықтың Қызылорда облысы бойынша филиалы мен облыстық білім басқармасының оқу орталығының қолдауымен жүзеге асты.

Сайысты директордың оқу-өндірістік жұмыстары жөніндегі орынбасары Қарлығаш Омарова ашып берді. Екі бөлімнен тұратын байқауда сайыскерлерге қойылған басты талап жоғары кәсіби шеберлігін көрсете білу, кәсіби шеберлігін, шығармашылық қабілеттерін ашып көрсету, берілген тапсырманы орындау, орындау уақыты, технологиялық қауіпсіздікті сақтау, санитарлық-гигиеналық талаптарын орындау болды.

Байқау мәресіне жетіп, жеңімпаз анықталды. Сонымен «Тас қалаушы» мамандығының жеңімпазы болып Қасым

Ереуілтан танылды. Ол – Қазалы аграрлы-техникалық колледжінің студенті.

ЕндіWorld Skills Kazakhstan аймақтық кәсіби шеберлік байқауының жеңімпазын республикалық деңгейде Астана қаласында сәуір айында өтетін сайыста өнер көрсететін болады.

Сара МИРАС.



ТЕМІР ЖОЛ КӨЛІГІ САЛАСЫНДА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕТІН ЗАҢДЫ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАР НАЗАРЫНА

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 21 қыркүйектегі №825 қаулысымен бекітілген «Темір жол көлігіндегі қауіпсіздік ережесінің» 31-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының темір жол желісінде жіберілген қауіпсіздік бұзушылықтар туралы ақпарат жедел тәртіппен бір тәулік ішінде, ал жолаушы пойыздарымен болған жағдайда – дереу көліктің уәкілетті органның мемлекеттік көліктік бақылау орталық аппаратына және/немесе аумақтық органдарына берілетіндігі көрсетілген. Сонымен қатар, ақпарат уақытында берілмеген жағдайда Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V ҚРЗ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 559-бабы 9-тармағы бойынша тасымалдау процесіне қатысушылардың уәкілетті органға темір жолдардағы қауіпсіздік бойынша жол берілген бұзушылықтар туралы ақпараты темір жол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларында белгіленген мерзімдерде бермегені үшін лауазымды адамдарға әкімшілік айыппұл салынатыны туралы ескертеміз.

ӘУЕСКОЙ АНШЫЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

Облыс көлемінде бекітілген анышлық алқаптарда су құстарына (аталық үйрекке) көктемгі анышлық маусымы 2015 жылғы наурыздың 13-і мен 27-сі аралығында ашылатынын хабарлайды. Облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы, тел.: 23 19 66.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2015 жылдың қаңтар айының 30-нан 31-не қараған түні Қызылорда қаласындағы Қорқыт ата мен Желтоқсан көшелерінің қиылысында орын алған жол-көлік оқиғасын көрген-білген адамдар болса мына телефонға хабарласуларыңызды өтініп сұраймын: 8 705 143 48 90.

«ПетроКазакстан Құмкөл Ресорсиз» акционерлік қоғамының әкімшілігі мен кәсіпқол комитеті көлік бөлімінің жолдарды қалыпта ұстау жөніндегі инженері Айтбаев Рүстемге, МІӨЦ көлік маманы Айтбаев Алмағамбетке және ҚАМ көлік маманы Айтбаев Рүсұланға аналары **Айтбаева Сания Касенқызының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агрооңіркерсіп кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитеті «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» мемлекеттік мекемесінің ұжымы Қызылорда облыстық филиалының директоры Айтбаев Абай Мәлікұлына анасы **Айтбаева Сания Касенқызының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ӘЙЕЛДЕРДІ АЯЛА

Сен сұлусың ерлердің жанырында Күлгенің де әдемі, қарауың да. Егер еңбегің күні де, айна да сол. Әйел, сенің қасың мен қабағыңда!..

Әйел деген – басына қонар бағын, Әйелменен биіктер ой-арманың. Еркек болып жүргенің тіршілікте Түсіңудің арқасы әйел жаның.

Оңсыз ешкім емессің, біл, жігіттім, Әйелменен біздерді қылды бүтін. Егер әйел болмаса... айта көрме. Мұңға айналар аңсаған нұрлы үмітің.

Егер әйел болмаса... бекер бәрі. Әйелде тұр тірліктің шекер дәмі. Ер әйелдің ізіне адаспайсың, Еркек болып, еңсегің көтер-дағы.

Әйел – сенің Астанам, Меккең де сол, Жүрегің де, жаның да, өкпен де сол. Әйел бізге – тағдырдың ұлы сыбы, Бұйыратын мықты боп жеткенге сол.

Мықты болсаң, жігіттім, әйелге жет, Аялай біл әйелді, әйел деп өт. Бак-береке тірлікте болу үшін Жаны сүйген әдемі әйел керек.

Әйел керек, жігіттім, жаныңды ұғар, Жаныңды ұғар, жанына табылдырар. Табылдырар, аңсарат, сағындырар, Сағындырар, шаршатар, жаныңдырар...

Әйелдерді аяла, әйел жаны Жігіттерді бәрібір бағындырар.

Шаңжархан БЕКМАҒАМБЕТОВ.

ҚҰРМЕТТІ ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚТАР!

Ағымдағы жылғы 13 наурызда өткізілетін облыс әкімі жанындағы Кәсіпкерлер кеңесінің кеңейтілген отырысында «2015 жылы Қызылорда облысының кәсіпкерлерін қолдауға арналған дағдарысқа қарсы шаралардың Жол картасының» жобасы талқыланады деп жоспарланады.

Осы орайда, ұсыныстарыңыз болса Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасына хабарласуларыңызға болады.

Мекен-жайы: Қызылорда қ-сы,

Байланыс телефоны: 40 08 73

(Алматы Токтаров),

e-mail: a.toktarov@palata.kz

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамаларының және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің талаптарының бұзылуына жол бермеуі және оның алдын алу мақсатында Қызылорда облысының еңбек саласындағы бақылау басқармасында (8 7242) 27-76-99 «Сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлаймыз.



Құрметті абонент!
Назарыңызға "Қазақтелеком" АҚ және "Алтел" АҚ бірлескен өнімі - "Әмбебап нөмірді" ұсынамыз. Енді ҚАЛАЛЫҚ, ҰЯЛЫ нөмір және ЖЫЛДАМДЫҒЫ ЖОҒАРЫ ИНТЕРНЕТ бір SIM-картада болады!

Артықшылықтары:
Сізге кез келген қалалық нөмірлерден тегін қоңырау шалады
Сіз тегін қоңырау шаласыз; "Қазақтелеком" АҚ нөмірлеріне күніне 180 минут
Сіз тегін қоңырау шаласыз; "ALTEL" АҚ нөмірлеріне күніне 180 минут
Жылдамдығы жоғары 4G интернет
Желі ішінде күніне 200 sms
Тегін қосылду
Абоненттік төлем айына 1990 тг бастап
Толығырақ www.telecom.kz және www.altel.kz сайттарында

Қазақтелекомнан «Ата-ана бақылауы (ChildWebGuardian PRO)» бағдарламалық жасақтамасын жалға ала отырып, сіздің қол жеткізіңізіңіз:

Электрондық поштаңыз тазалау, белгілі бір сайттарды құлыптау және басқа да көптеген мүмкіндіктер

Қызметтің құны айына 400 теңге
Аталмыш қызмет ақисын Қазақтелеком терминалдарынан «Koshelek(Prepaid-счѐт)» түймешесін басу және әрі қарай толтыру ... немесе epay.kkb.kz сайты арқылы төлеуде болады.
Әрі қарай www.idport.kz және кабинетіне өтіп, «Программалық қамтамасыз етуді жалға алу» белгісін басу және керек қызмет түрін таңдап ... нақтылау түймешесін басу керек.

Анықтама телефоны 160

Құрметті абонент!
«iD TV Online+» «iD TV Online Bonus» қызметі - кез-келген гаджеттен (планшет, компьютер, смартфон және т.б.), өзінің онлайн сүйікті арналары мен телехабарларын және «Megogo» фильмдерін «Қазақтелекомның» телевидениеге арналған қондырғысыңыз, Қазақтелеком АҚ-ның Megaline Start пен Megaline Hit Optima Megaline Light Optima тарифтік жоспарларынан басқа Интернетке қосылған барлық абоненттері үшін көру мүмкіндігін ұсынады.

«iDTV Online» қызметіне қосылу:
1) Қазақтелекомның қызмет көрсету желілеріне өтінім беру арқылы
2) Өздігіңізге idport.kz сайты арқылы қосылғанда, жүйе автоматты түрде www.online.id-tv.kz Сайтына тіркелетін 12-белгілік код береді.

Анықтама телефоны 160

Құрметті абоненттер!
«Қазақтелеком» АҚ SDR-тұтынамасы (Service Delivery Platform) базасында «Виртуалды нөмір», «Сайттан қоңырау шалу» және «Виртуалды call center» және қызметтері іске қосады.

«Виртуалды нөмір» қала нөмірлік ретімен қоңырауларды стационарлық және ұтқыр телефондарда қабылдауға мүмкіндік береді, жеке тұлғалар барлық байланыс телефондарын (қалалық, ұялы) бір нөмірге біріктіре алады.

«Сайттан қоңырау шалу» (ClickToCall) клиенттен кері байланысты алу уақытын қысқартудың қарапайым және интерактивті тәсілі. Қызмет Қазақстан бойынша қызметтер, тауарларды сататын компанияның, мемлекеттік мекемелердің корпоративтік абоненттеріне, шағын және орта бизнес өкілдеріне арналған.

«Виртуалды Call Center» - бір жылдың ішінде жабықша шығын шығармай толық виртуалды Call center ұйымдастыру мүмкіндігі.

Толығырақ ақпарат 160 нөмірі бойынша.

№ 14014826 лицензияны Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 09.10.2014 жылы берген.